

ЖИНАЛЫС ХАТТАМАСЫ

3 тамыз 2023 ж.

Майкөмген ауылдық округі
әкімдігінің Акт залы

Қатысқандар: Н. Сауытов, Д.Аронов, Н.Өмірбаев, Н. Ерғалиев, ТШО жауапты бөлім мамандары және Майкөмген ауылдық округінің тұрғындары

Күн тәртібі:

1. Кіріспе сөз – Сауытов Н.С., Аронов Д.Ж.
2. «ТШО-ның өндірістік көрсеткіштері бойынша жаңартылған ақпарат» - Өмірбаев Н.Ж.
3. «ТШО-ның әлеуметтік инвестициялар бағдарламасы бойынша қысқаша ақпарат» - Ерғалиев Н.М.
4. Сұрақ-жауап сессиясы
5. Қорытынды сөз - Сауытов Н.С., Аронов Д.Ж.

«Теңізшевройл» ЖШС-нің жұртшылық өкілдерімен ақпараттық кездесу отырысын Майкөмген ауылдық округінің әкімі Нұржарық Сағиұлы Сауытов ашып, ТШО үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімінің бас менеджері Аронов Дәрмен Жұмабайұлымен таныстырып, жиналыс мақсатын айқындады.

Дәрмен Жұмабайұлы кездесуге жиналған тұрғындарға ризашылығын білдіріп, Жылыой ауданының тұрғындарымен жыл сайын жұртшылық өкілдерімен ақпараттық кездесулер өткізуді жалғастыратынын хабарлады. Кездесудің мақсаты ТШО-ның өндірістік қызметі бойынша жаңартылған ақпарат беру, ТШО қызметі туралы қатысушылардың пікірлерін тыңдау және сұрақтарға жауап беру екенін мәлімдеді.

Дәрмен Жұмабайұлы кездесу қорытындысы бойынша хаттама жасалатынын және осы хаттама ТШО веб-сайтында жарияланатынын айтты. Кездесу барысында ТШО материалдары үшін пайдаланылатын фото және бейнетүсірілім жасалатынын ескертті.

Күн тәртібінің бірінші тармағы бойынша ТШО үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімінің кеңесшісі **Нұрадин Өмірбаев** «ТШО-ның өндірістік көрсеткіштері бойынша жаңартылған ақпарат» жөнінде баяндама жасады.

Келесі болып «ТШО-ның әлеуметтік инвестициялар бағдарламасы бойынша қысқаша ақпарат» туралы ТШО үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімінің кеңесшісі **Нұрлан Ерғалиев** ақпарат берді.

Баяндамалар аяқталған соң, **Дәрмен Жұмабайұлы** сұрақ-жауап сессиясына көшуді ұсынды.

Сұрақ:

Інжу Көшербайқызы: Жасалған баяндамалардан Жылыой ауданына ТШО компаниясынан жасалып жатқан біршама көмек туралы естіп, риза болып отырмыз. Осы Майкөмген ауылының мектебіне сапалы музыкалық аппаратура алып беруді өтінді.

Жауап:

Аронов Дәрмен: Өтінішті қабылдап, қарастыруға дайын екенін білдіріп, осы сұранысты ауданның білім бөлімінен ТШО-ға хат жазу арқылы қарастыру мүмкін екенін мәлімдеді.

Сұрақ:

Ахметжан Төлегенов: Ауылдың ішіндегі үйлерді топырақтан тазарту үшін техникамен қамтамасыз ету мәселесі. Ол үшін 1-2 погрузчик пен 4-5 Камаз техникаларын 3-4 күнге жіберіп, бір тазартып беруді сұрады.

Жауап:

Аронов Дәрмен: Алдында айтылғандай, аудан әкімдігі арқылы ТШО-ға осы сұраныспен хатпен шығуды сұрады.

Сұрақ:

Абдрахманова Айғаным: Ауылдағы тұрғындардың септиктерін тазарту үшін вакуум машинаны ұйымдастыруды сұрады.

Нұржарық Сауытов: Ауылдың чатына қанша үйде септик бар, қандай көлемді тазарту керектігін айқындау үшін жазғанын айтты. Тиімді болу үшін, келешекте КОС-ты салғыздыруды қарастырып жатқанын айтты.

Жауап:

Аронов Дәрмен: Септик мәселесінің ТШО-ға қатысы жоқтығын айтып, құм мәселесі бойынша хатпен шығуды ұсынды.

Ұсыныс:

Үзілдік Молдағалиева, «Қоғамдық кеңістіктер» жоба координаторы: «Қоғамдық кеңістіктер» жобасы арқылы Майкөмген ауылына жыл сайын қаражат бөлінетінін айтты. Алдыңғы жылдары сол қаражатқа мектеп асханасы күрделі жөндеуден өтті, ауылда сахна салынды. Соңғы екі жылы Майкөмген ауылынан жобаға қатысушылар болмай, қаражат игерілмей қалды. Мысалы, осы жоба арқылы құм тазалау мәселесін техникамен шешіп, одан кейін топырақ тоқтататын өсімдік (сексеуіл) отырғызуды ұсынды.

Аронов Дәрмен: Ауылдың мәселелерін, қажеттіліктерін жасайтын жоба бар екендігін мәлімдеп, тек тұрғындардың белсенділігінің жетіспеушілігін айқындады.

Нұржарық Сауытов: Келесі жолы осы жоба бойынша жиналыс өткізіп, ауыл болып жиналып, жобаларды қарастыруды ұсынды. Жобаны тұрғындардың өздері жасап, қажет болса бірнеше жобаны біріктіріп 4-20 млн. бюджет алып, ауыл игілігі үшін өздері барлығы қадағалап, жасау қажеттілігін білдірді.

Дәрмен Аронов сұрақтар мен ұсыныстар хаттамаға енгізілетінін хабарлап, кездесу отырысын қорытындылады.